

*on the essence of the work he studied and allowing readers to understand the deep social and cultural contexts that influence a readers' perception of the historical tragedy "Khan Kene".*

*Key words: Rymgali Nurgali, historical tragedy, Mukhtar Auezov, Khan Kene, historicism.*

## REFERENCES

- 1 Thompson AR. (1928) Melodrama and Tragedy. PMLA/Publications of the Modern Language Association of America;43(3):810-835. doi:10.2307/457503  
<https://www.cambridge.org/core/journals/pmla/article/abs/melodrama-and-tragedy/C16CEBC4F0C995FF678333E27A6B59C0#article>
- 2 John Drakakis, Victor Kiernan. (1998) Eight Tragedies of Shakespeare: A Marxist Strategy., Shakespeare Quarterly, Volume 49, Issue 4, Winter, Pages 459–462
- 3 Bayley, J. (2021). Shakespeare and Tragedy. <https://www.semanticscholar.org/paper/Shakespeare-and-Tragedy-Bayley/ec9647ab9188ba3cf0bd0d7f436618e40c2c575b>
- 4 Jones, R. (1998). [Review of History, Tragedy, Theory: Dialogues on Athenian Drama, by B. Goff]. The Classical World, 91(5), 437–438. <https://doi.org/10.2307/4352136>
- 5 Kenzhebaev B. (1966) *SHyndyk zhane sheberlik*. – Almaty: ZHazyshy. , 264 bet.
- 6 Qarataev M. (1970) *Adebiet zhane estetika. Adebii syn-zertteuler*. Almaty: ZHazyshy, 1970. 352 bet.
- 7 Sergazy L. “Muhtar Auezovtyn «Han Kene» tragediyasyndagy Alashshyldyq ideyanyn korinisteri”, available at: <http://dspace.enu.kz/handle/data/2801> (data obrashcheniya 24.12.2023).
- 8 ZHaksylykov A.ZH. “Vozvrashchayas' vnov' k «Neizvestnomu v nasledii Muhtara Auezova»” // Vestn. ENU im. L.N.Gumileva – 2018. – № 4 (172). – S. 120-127.
- 9 Bisengali Z-F.Қ. “Auezovtanu zhane uaqyt ornekteri” // Vestn. ENU im. L.N.Gumileva – 2018. – № 4 (172). – S. 128-135
- 10 Nurgali R. (2013) *SHygarmalary*. – Astana: Foliant, 2013, 1-kitap. Drama өнері: monografiya.
- 11 Auezov M. (1927-1933) *SHygarmalarynyn elu tomdyq tolyq zhinagy*. – Almaty: «Daur», «ZHibek zholy», 6-tom. angime, zertteuler, p'esalar.
- 12 Qozybaev M. “Izvestnye deyateli kul'tury ob Auezove”, available at: [https://auezov.kz/page.php?page\\_id=25&lang=1](https://auezov.kz/page.php?page_id=25&lang=1) (data obrashcheniya 17.12.2023).
- 13 Esin A.B. (2000) *Principy i priemy analiza literaturnogo proizvedeniya*.

Received: 05.06.2024

МҒТАР 17.71.07

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss2pp200-209](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss2pp200-209)

**Г.Т.Тлеубердина<sup>1</sup>, Қ.И.Тастемір<sup>1</sup>, Г.Т.Батыргалиева<sup>2</sup>, Г.Ш.Шахманова<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан Республикасы

<sup>2</sup>№ 3 Шортанды ауданы бойынша Шортанды орта мектебі, Шортанды, 020000, Қазақстан Республикасы

## **ҚАЗІРГІ АЙТЫСТЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ СИПАТЫ МЕН КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ (БАЛҒЫНБЕК ИМАШЕВ АЙТЫСТАРЫ НЕГІЗІНДЕ)**

*Мақалада танымал айтыскер ақын Балғынбек Имашевтың шығармашылығы зерделеніп, айтыстары қарастырылады. Ақынның айтыста көтеретін тақырыптары мен айтыстың әлеуметтік мәні, қоғамдық маңызы анықталады.*

*Бұрынғы айтыс пен қазіргі айтыстың ұқсастық жақтары мен айырмашылықтары сараланып, дәстүр жалғастығы мәселесі көтеріледі. Бүгінгі айтыс бұрынғы жақсы үрдістерді бойына сақтап, жаңа заман табалына сай дамып, жетіліп келе жатқаны жайлы сөз етіледі. Қазіргі айтыс өкілдерінің сөз саптаулары ұлт дәрежесіне көтерілгені, ондағы ой жаңашылдығы, мәдени маңыздылығына тоқталады. Ақын Балғынбек Имашевтің соңғы 30 жылдағы айтыстары талданып, оның ішіндегі көркемдік өрнектерді орынды пайдалана алуы, буын мен ұйқас мәселері, ақынның өзіндік мақамы мен ырғағы сипатталады.*

*Мақала ҚР ҒЖЖБ министрлігінің 2023-2025 жылдарға арналған гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырылып жатқан АР19574645 «Қазіргі айтыстың типологиясы мен поэтикасы» атты жобасы аясында жазылған.*

*Кілт сөздер: қазіргі айтыс, поэтика, синкреттілік, суырыпсалмалық, көркемдік, фольклор.*

## НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Балғынбек Имашев – тәуелсіздік жылдарындағы қазақ айтыс өнерінің өркендеуіне қызмет етіп жүрген орақ тілді айтыскер ақын. Осы күнге дейін «Жыр арқауы Астана», «Түркістан қаласының 1500 жылдығына», «Тараздың 2000 жылдығына», «Қарасай батырдың 400 жылдығына», «Махамбеттің 200 жылдығына», «Дулат Бабатайұлының 200 жылдығына», «Қазақ хандығына 550 жылдығына» орай ұйымдастырылған айтыстардың жеңімпазы, Астана қаласында өткен «Ел басқарар ерің кім?», Алматы қаласында өткен «Алматы құрылыстың 50 жылдығына» арналған айтыстың бас жүлдегері. Мәскеу, Париж, Стамбул шаһарларында өнер көрсетіп, өзін шетелде мойындата білген халықаралық айтыстардың лауреаты.

Сөзі мірдің оғындай, кез келген қарсыласын өткір әзілімен түйреп өтетін Балғынбек Имашев қоғамдағы кемшіліктерді де тайсалмай, батыл жеткізетіндігі үшін халықтың көңілінен шыға білген ақын. Ақынның тағы бір ерекшелігі әрбір айтысы әзіл-қалжың мен сатираға толы, әрі әр айтысында қолданатын мақамы да ерекше. Қашанда көрерменді әдемі әзіл, ойнақы жырмен күлкіге бөлейтін ақын.

«Жүрсіннің жүйрігі» атанған ақынның күні бүгінге дейін қазақ мәдениетіне қосқан үлесі орасан зор. Әрдайым шындықты тура айтатын, қазақи құндылық пен дәстүрдің ұмыт қалмауына септігін тигізетін, оны жас ұрпаққа дәріптеп жүрген халық жанашырының бірі – Балғынбек Имашев десек қателеспейміз.

Ақынның айтыстары – халықтың жадында өзінің өткірлігімен, турашылдығымен сақталған. Айтыс ежелден қанымызға сіңген ұлттық өнеріміз, сол өнердің ХХІ ғасырда да өз маңызын жоғалтпауының, керісінше көптеген қошамет пен сүйіспеншілік, қызығушылық тудырып жүргендігі осындай айтыскер ақындардың еңбегінің жемісі. Балғынбек Имашевтің негізгі көтерген тақырыптары да халыққа жақын, әлеуметтік мәселелер, оның ішінде тұрғын үй, жұмыссыздық, сондай-ақ ана тіліміздің мәртебесі мен қазіргі хәлі ақынды бей-жай қалдырмаған.

## КІРІСПЕ

Айтыс – түркі елдері ішіндегі танымал және бүгінгі күнге дейін өз мазмұнын жоғалтпаған өнер. Айтыс – халқымызда суырып салмалық, сазгерлік, шешендік өнерінің бәрін өзіне жинаған, ән мен әзілден бөлек халыққа бұрыннан ақпарат таратушы, жаңалықтармен бөлісуші, одан қалса қазіргі теледидармен газеттің орнын басушы болды. М.Әуезов: «Айтыс-өлең жарысы, өнер жарысы бұл жай айтысушы ақындарды, үлкен жиын топта сайысқа шығарған батырлардай, күреске түсірген балуандардай, бәйгеге қосқан аттардай, бәсеке жарыс қызуына араластырады», - деп келтірген [1].

Айтыста ақындар кезек-кезек өлең шығарып оны белгілі бір аспаппен әуендетіп сүйемелдейді. Айтыс негізі түрлі жиындарда, тойда орындалып әртүрлі тақырыптарға ауысып отырған. Айтыстың негізі – шындық. Қанша жерден сөзі орамды, аспапта керемет ойнайтын

ақын болса да, айтыстағы ең қатты бағаланатын ол – шындық. Өз дәуірінің әлеуметтік мәселелері айтыскер ақындар арқылы да талқыға түседі.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ даласында айтыс өнері қарқындап дамып, сұранысқа ие бола бастады. Сол дәуірдің танымал айтыскер ақындары – Жамбыл, Ырысты, Шөкей, Сапарғали, Құлманбет, Тұрмағамбет, Майкөт сынды ақындар болса, ал бұл ақындардың мұраларын күні бүгінге жеткізіп, айтыстың XXI ғасырдағы мәртебесінің өсуіне ат салысып жүрген аламан айтыскерлер қатарына Айбек Қалиев, Балғынбек Имашев, Ринат Зайытов, Мұхамеджан Тазабеков, Айнұр Тұрсынбаева, Сара Тоқтамызқызы, Мұхтар Нияз, Жандарбек Бұлғақов және тағы да басқа ақындарды жатқызамыз [2].

Қазіргі айтыс пен бұрынғы айтыстың форматы, таралуы әртүрлі болғанымен, түп мәні, мағынасы бір. Ол – ақынның талантын шыңдайтын, суырып салмалық қасиетін сынайтын үлкен өнер жарысы. Ал айтыстардың теледидар арқылы таралуы бұл өнердің өрісін кеңейте түсті. Әр ақынның өзіндік ерекшелігі, өзіндік бір мақамы бар. Қазіргі айтыс ақындарды тәуелсіз еліміздің, халқымыздың әлеуметтік өмірін толығымен қамтиды. Айтылатын идея да осыған байланысты.

## МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Ғылыми зерттеудің негізі нысаны ретінде қазіргі айтыс өнерінде ойсырата өзіндік орын алған, қазақ айтысының алдаспан ақыны Балғынбек Имашевтің шығармашылығы мен «Youtube» желісінде берілген айтыстарының текстологиясы негізге алынды. Ақынның сөз жарысы өнерін игерудегі суырыпсалмалық шеберлігі, ақындық қолданысындағы көркемдік ерекшеліктері қарастырылып, талданды.

Мақаланы зерттеу барысында отандық айтыс зерттеушілері мен айтыскер ақындардың пікірлері негізге алынды. Айтыстың тақырыптық, көркемдік ерекшеліктеріне қарай талдау, жинақтау, ой қорыту, синтез, ақпаратты өңдеу мен дәйектеу әдістері қолданылды. Балғынбек Имашевтің айтыстары, сөз саптау ерекшелігі мен көтерілген тақырыптарымен танысу жұмыстары жүргізілді. Ақынның айтыстағы мақам, ырғақ, буын, бунақ, мәселелерінің табиғаты салыстырмалы әдіспен поэтикалық табиғаты зерделенді.

## НӘТИЖЕЛЕР

Бүгінгі күнге дейін Балғынбек Имашевтің қатысуымен бірнеше республикалық, халықаралық айтыстар өтті. Заман талабына сай қазірде айтыстардың көпшілігі тек бейне, аудио материал ретінде халыққа жетіп отыр. Ол ақындардың эмоцияларын, ырғақ мақамдарын тікелей тыңдарманға жіберудің ең тиімді жолы. Алайда, осы уақытқа дейін ақынның айтыстары жазба түрінде жинаққа сақталмаған, баспада жарық көрген айтыстары аз. Балғынбек Имашевтің айтыстарын тақырыптық тұрғыдан, негізгі идеясы, көтерілген мәселелері бойынша қарастырсақ, ақынның жан-жақты дамыған өте сауатты, білімді екенін аңғаруымызға болады. Ақынның өзіне тиесілі мақамы мен ырғағы да бар. Бұрынғы айтысқа қарағанда қазір айтыскер ақындарға қойылатын талаптар да күшейген, олардың қоғамда болып жатқан жағдайларға сауатты қарай алуы негізі шарт десек те болады. Кез-келген сала бойынша әңгіме қозғап, сөз өрбіту, айтыста қолдана алуы ақындарды білім мен ғылымнан хабардар екенін дәлелдей түседі. Мысалы, Балғынбек пен Сараның айтысында,

Балғынбек:

Туған тіл бұтақтарын жаю керек,  
Өз тілін білетіндер баю керек.  
Он бес жыл қар астында ұйықтап жатқан  
Жалқауды тіл үйренбес аю дер ек.

Сара:

Астанада Жаманқұлақ деген ауыл,  
Тоз-тоз боп сынған ердей тоқырапты.

Мағамет дейтін бір көпес-ингуш,  
Бұл ауыл менікі деп тартып апты,  
Ержүрек жұмыр басты жүз қазақтың  
Жерлерін жалғыз өзі сатып апты.  
Осындай елді кезген келімсекке,  
Үкімет үндей алмай жатып апты.

Бұл шумақтардың өзінен-ақ екі ақынның білімділігі, мәдени және рухани өресі көрінеді. Яғни, қазіргі айтыскерлер тек қызыл тілдің шебері емес, оқыған сауатты, білімді елдегі жағдайларға тура қарай алатын зиялы қауым өкілдері екендігін растайды. Жоғарыда айтып өткеніміздей айтыс табан астынан табыла салған жаттанды емес, астарлы ойы мен тыңдарман түйерліктей ой беретін ұйқасы да әуені де құлаққа жағымды болуы керек.

Қазақ айтысы – суырыпсалмалық өнердің бір биік өресі, әділдік мен әділетсіздіктің тайталасы, шыңғырған шындықты шырқата айтатын шыңдағы шынары [3]. Қазіргі айтыс туралы сөз қозғалған кезде сол өнердің отымен кіріп, күлімен шығып жүрген Балғынбек Имашевті айтпай өтуге болмайды.

Айтыс өнерінің ақтаңгері Балғынбек Имашев ел егемендігін алғаннан бері қазақ айтыс өнерінің дамып жетілуіне, халық арасында танылуына ат салысып келе жатыр. Өз айтыстарында негізінен қоғамдағы жайсыз, келеңсіз жайттарды, жер мәселесі, тіл тағдыры, саяси-әлеуметтік бағыт, салт-дәстүр, тәрбие және дін мәселесін көтереді.

Айтыс негізінен ортаға ой тастау қызметін атқарады. Қоғам назарын белгілі бір көкейтесті мәселеге бұрып, сол мәселені шешу үшін билік басындағы атқамінерлердің қызметіне ықпал етудің өзі үлкен жетістік деп білеміз. Балғынбек Имашевтің де өлеңінде көтерілген кейбір мәселелер азды-көпті өз шешімін тауып жатыр. Оның өзі айтыскерлік борыштың атқарылғандығы деп білеміз.

Балғынбек ақын айтыс әлеміне мектеп қабырғасынан бастап қызығушылық танытып, 90-жылдардан бастап аламан бәйгеге түсе бастады. Осынша жыл аралығында айтыс та, тыңдарман да, ақын да біршама өзгерістерге ұшырағаны анық. Қазіргі айтыста бұрынғы айтыс сияқты бірін-бірі мұқату, кемсіту екі рудың жамандығы мен жақсылығын жиып құр келеке ету жоқ. Қазіргі ақындар ондай форматтан бас тартқан, олар қазір тек ру емес, ұлт атынан сөйлеушілерге айналған. Елге өнеге, үлгі болатындай, кішіге ақыл, үлкенге ой салатындай айтысты көрсетіп жүрген ақынның бірі осы Балғынбек Имашев. Халық махаббатына бірден ие болып, ел назарын өзіне аударды. Айтысып отырып өз ойын нақты жеткізіп, ел ішіндегі келеңсіз жайттарды дәл айтып, тайға таңба басқандай анық айтып отырады.

## ТАЛҚЫЛАУ

«Сөздің көркі – мақал, айтыс көркі – мақам» демекші, бұрынғы айтыскер ақындардың мақамына қарап туған жерін, елін бірден білген. Ал қазіргі айтыс ақындарының көбіне тән олқылық – өзінің жеке мақамының болмауы. Өзге ақынның әуенімен айту – сол ақынның көшірмесі, көлеңкесі болу дегенді білдіреді. Дегенмен, қазіргі айтыс өкілдерінің ішінде Балғынбек ақынның өзіндік мақамы ерекше көзге түседі. Сахна төріне алғаш келгеннен-ақ «хайләйлім, хәйлім, хәлайлімін» тастамай келеді. Бұның өзі ақынның бойындағы даралықты көрсетеді.

Айтыс – фольклор, ауыз әдебиеті, ақындар шығармашылығымен терең байланысып тұрған ерекше синкретті жанр. Мұнда театрлық әрі драмалық өнердің басы қосылған, сондықтан айтысты – фольклорлық театр немесе фольклордың драмалық жанры десек те болады [4].

Балғынбектің Имашевтің тағы бір айтыстарына тоқталатын болсақ ақынның ең бір ауыз толтырып айтатын жетістігінің бірі – «Алтын домбыра» айтыскер ақындар фестивалі аясында өткен «Мәңгілік ел – мұратым» атты республикалық ақындар айтысында бас жүлдені иегеруі. Бұл айтысқа ақынның қарсыласы айтыскер ақын, жыршы, термеші Еркебұлан Қайназаров

болды. Қашанда көрерменді әдемі әзіл, ойнақы жырмен күлкіге бөлейтін Балғынбек бұл айтыс арасында әнге басуды ұмытқан жоқ.

Бұл екі ақынның арасында өткен жай айтыс болған жоқ, бұл – шәкірт пен ұстаз, аға мен іні және бажалар арасындағы айтыс болды. Айтыстың басы ел-жұртпен сәлемдесіп, амандық сұрасудан басталып, екі ақынның бірін-біріне әзілдеп, киім үлгісі мен тойға шыққандықтарына тиісуге ұласты. Жас елорда Астананың да сымбатына сүйіспеншіліктерін де өлеңмен жеткізді. Айтыстың табиғатында табан астына тауып айтатын тек әзіл, ойын-күлкі емес, ащы шындық та, атқа шабар болсын, ел ағалары болсын, бұрыс істері болса соны әдемі өлеңмен сынап айтатындығы бар. Бұл айтыста да әзіл мен әннен бөлек, әлеуметтік тақырыптар да орынды көтерілді. Әсіресе, сол кездегі тұрғын үй мәселесі әрбір елордалықтың мазасын алатыны рас еді. Міне, дәл сол сарында Балғынбек Имашев:

Үкіметте көп болса екен адал жандар,  
Жас жанұя тезірек үйін алсын  
Үй салар жерін алсын оралмандар.  
Жолдауды түсіндірмей-ақ қойыңдаршы,  
Шенділер, шекпенділер, шабармандар.  
Халық бәрін біліп түсініп отыр,  
Тек қашан жүзеге асады хабарландар.  
Айтатыным құдайдан қорқыңдаршы,  
Хаты сыйлап халықтан пара алғандар.  
Жетім, жесір, қарттардың несібесін,  
Құдай көрмей тұрғандай жеп алмандар [5].

Елбасының 2014 жылы қарашада берген халыққа жолдауында көтерілген бесінші мәселе осы тұрғын үй болатын. Баспана тікелей делдалдарсыз және несиеге барынша төмен пайызбен ұсынылсын делінген. Бұл өлең жолдарында Балғынбек Имашевтің осы бір сөз орындалмай жерде қалмасын деген ниетін көруге болады. Негізінен ақын өзінің өткір ойларын ұтымды жеткізудің шебері, сол қасиеті үшін де халықтың қолдауына ие болып отыр.

Дүние қарап тұрсам шолақ екен,  
Адамдар бескүндікке қонақ екен,  
Астанада үй қанша биік болса  
Бағасы соған сәйкес жоғары екен.

2014 жылы елордадағы пәтерлер бағасы бірден 20 пайызға көтерілгенін еске түсірсек, ақынның бұл өлең жолдары өз уақытында өзекті мәселелерді көтере алатындығын көрсетіп отыр, қарапайым халықтың датын атқамінерлерге айтыс арқылы жеткізді. Айтыстың негізгі мақсаты да осы.

Аталмыш айтыста Балғынбек Имашевтің жеңіске жетуінің тағы бір себебі қарсыласы Еркебұлан Қайназаров қойған әр сұраққа, мысқылына әзілін жарастырып кідірместен әдемі жауап бере алуында:

Бизнестің таптың-ау ән саласын,  
Алла жазса келер жыл той жасаймын.  
Бала-шағам бір тойды аңсағасын,  
Қонақ қылып шақырсам келмейсің бе?  
Өйткені уақытың жоқ нан табасың,  
Молдеке ставқанды айтып жібер,  
Бір бала сүндеттеуге қанша аласың?

Еркебұлан Қайназаров Балғынбек Имашевтің тойға шығып нан тауып жүргенін айтып, ақынды ыңғайсыз жағдайға қалдырғысы, әріптесін сынамақшы болып қойған сұрағына, Балғынбек Имашев:

Қазір менің тұрақты жұмысым жоқ,  
Сондықтан тойға заказ жиі аламын.  
Ат қойып, бата беріп, бала пішіп  
Әркімнен ылтипат пен сый аламын...

... Пәлен-түген деуге де ұяламын  
Қалтандағы теңгенді қағып алсам  
Өз үйіме қалайша сыя аламын?  
Отвечаю қарызға піше берем.  
Көңіліңді қалай сенің қия аламын?

Екеуі әрі ағалы-іні, әрі бір елдің қызын алған бажа болғандықтан осы бір айтыс халық көңілінен шықты. Балғынбек Имашев әр айтыста белгілі бір әлеуметтік мәселені үнемі талқыға салып отырады.

Тағы бір сөз етілуі шарт тақырыптың бірі – қазақ тілінің әлеуметтік мәртебесі. Егемен ел болып, шекарамыз бекітіліп, заңымыз қабылданып, қазақ тілі мемлекеттік тіл дәрежесіне ие болғанымен, әлі күнге дейін өзге ұлт түгіл өз қазақтарымыздың ана тілді жетік меңгермеуі кімнің болсын көңілін қынжылтады. Балғынбек Имашев та ұлт жанашыры, тіл жанашырларының бірі. Айтыста осы тақырыпты бір емес, бірнеше рет көтерді. Мәселен, ақын Арзыгүл Қайымбекқызымен өткен айтыста:

Ал бұл күнде жетпіс пайыз болып қазақ,  
Жеңіс қой бұл елбасының ісіндегі.  
Бірақ та тең жартысы шала қазақ,  
Секілді мұражайдың мүсіндері.  
Мәңгүрттер ана тілін ақсатып тұр,  
Қақсатқан қан құрт ұқсап тісімдегі [6].

Тілін білмейтіндер емес тілін білгісі келмейтіндер – мәңгүрт. Қандас қарындасымен айтысында Балғынбек Имашев еліміздің әлі толық қанды ана тілін меңгере алмағандығына қынжылысын білдірді.

Тілім үшін бөлінген миллиардтарды,  
Судай шашқан көрдік қой бухгалтерді.

-десе, енді бір айтысында:

Туған тіл бұтақтарын жаю керек,  
Өз тілін білетіндер баю керек.  
Он бес жыл қар астында ұйықтап жатыр  
Жалқауды тіл үйренбес аю дер ек.  
Аюға әліпбиді үйреткендей  
Шыбықпен шеттерінен сою керек.  
Сөздерін дұрыс құрап айта алмаса,  
Көздерін көкшірейтіп ою керек.  
Қазақша білмейтұғын қазақтарды  
Үкімет, парламенттен жою керек.

-деп, тіл мәселесін көтеріп қана қоймай, тілді асқақтатып, насихаттау – парызымыз екенін бір мәрте еске салады.

Ақынның айтыстарының құрылысына тоқталатын болсақ, нағыз қазақи мақам, қазақи ырғақтың иісі бар. Айтыстың негізгі шарты – ақындардың поэтикалық дарыны, сөз көркемдігі болып есептеледі [7]. Айтыста кездесетін импровизация, логика, дәлдік, сұраққа дұрыс жауап бере алуы отырысы мен домбыра шертісіне дейін үйлесімді болу қажет. Ақынның өлең тармақтарының сөздің орналасу тәртібі, ұйқасы, буын сандары дұрыс болуы керек.

Ырғақ – өмірде де, өнерде де көп нәрсенің кілті: өлеңде сөз бен дыбыс үндестігінің арқауы. Ұйқас түрі, бунақ, буын санына қарап та айырмашылықты айтып бере аламыз. Балғынбек Имашевтің өлең жолдары көбінесе үш бунақ, он бір буынды болып келеді. Әрине, ақынның шабытына қарай ұйқас түрі шұбырпалы да, бунақ, буын сандары да өзгеріп отырады.

4            3            4  
/Я, Жасаған /Раббысы /әлемдердің, (11) - а  
3            4            4  
/Мұсылман /екенімді/ дәлелдермін. (11) - а  
4            3            4

/Аса қамқор /ерекше /мейірімді, (11) - б

4 3 4

/Алдыменен/ сіздерге/ сәлем бердім (10) - а

Немесе:

3 3 4

Апыр-ай,/ көтеріп /күй бастаймын (10) - а

3 4 4

Мен бірақ/ бітеуімді /нақ ұстаймын (11) - а

3 6 3

Бас аман /болса, сақал-шаш та/ өседі (12) - б

3 4 4

Сөзімді/ иманыммен/ нақыштаймын (11) - а

Алынған өлең жолдарындағы ұйқас түрі – қара өлең. Негізінен айтыста көбінесе бунақтар мен ұйқастар әуен ырғағымен реттеліп, тікелей ақын өз жанынан шығарып жатқаннан соң белгілі бір ережелерге бағынбай өте береді. Бірақ Балғынбек айтыстары силлабикалық жүйемен, яки буынға негізделген нағыз қазақи нақыштағы өлеңдер екенін көреміз.

Академик З.Қабдолов: Әдеби тілді ажарлау аз, құбылту керек. Әдеби тілдің әсемдігі ғана емес, әсерлігі үшін де орасан қажет тәсіл – құбылту, яки троп – сөздерді тура мағынасында емес, бұрма мағынасында қолдану, шындықты бейнелеп, кейде тіпті перделеп таныту, ойды өзгертіп, кейде тіпті өңін айналдырып айту [8]. Дәл осы сөздерді Балғынбек Имашев айтыстарынанда көре аламыз:

Ақша бұлттан орамал бұлғап алған, (*эпитет*)

Жайдарлым, жасыл жайлау, асыл қойнау.

Аумайтын текемет пен сырмақтардан,

Төлеби сынды төлегей бидің елі, (*теңеу*)

Гауһарға өткір тілін шыңдап барған. (*Эпитет*)

Қабан жырау бастаған жырдың елі

Таңдайды жібітетін құрғап қалған

Қарасайдай қолбасшы елдің ері. (*Теңеу*)

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қалай десек те, қазақ ауыз әдебиетінің орасан зор әулетін танытатын айтыс өнері өз орнын жоғалтпайды. Ол – халық рухының жоғары болуына, сенімнің екі аяқтан нық тұруына өз үлесін қоса бермек [9]. Айтыс бар өнердің элементтерін бойына жинаған. Бүгінде оның атқаратын функциясы екі-үш есе артты десек қателеспейміз. Р.Сыздық қазіргі айтыс туралы: «Қалың жұртшылық бүгінгі айтыстан қазақ сөз өнерінің әсемдігін, байлығын, бабалар заманынан келе жатқан қазынасы мен сол қазынасының үлгісінде жасалған жаңа сөз өрнектерін аңсап, іздеп барады-ау, деп түйеміз» - деген ой өрбітеді. Қазақ тілінің бар мүмкіншілігін көрсететін осы бір өнердің майталмандары да қазақ тілінің жілігін шағып, майын ішкен нағыз шебер мамандар. Жыр сайысында ешкімге дес бермеген, арыны бөлек ақын Балғынбек Имашев айтыстары халық жадында өзінің басқаларға ұқсамайтын ерекше тұлғасымен, әзілі жарасқан зілді ойларымен, ауыр тақырыптарды жеңіл жеткізілуімен сақталады. Балғынбек Имашев туралы әріптес-замандасы Бекарыс Шойбеков: «Балғынбек Имашев біздің буынның ішіндегі ең көрнекті, ең жүйе25рік, ең озық ақындарының бірі деп есептеймін» - дейді, ал Шымкенттік айтыскер ақын Біржан Байтуов өз сөзінде «Балғынбекпен айтысып ем деген де үлкен тарих»- деп әріптес ағасына деген құрметін білдірген болатын [10]. Қазақ айтысы – суырыпсалмалық өнердің бір биік өресі, әділдік пен әділетсіздіктің тайталасы, шыңғырған шындықта шырқата айтатын шыңдағы шынары. Әр кез, әр шақта айтыс қайта түлеп, жаңарып, жаңғырып отырған. Сол жаңа айтысты жаңғыртушылардың белді өкілі – Балғынбек Имашев.

Қорытындылай келе, әзілдеп отырса да, Балғынбек Имашевтің әр сөзінде зіл бар, осыншама жыл ішінде ол қаншама шындықты айтты, ешкімнен аяқ тартпайтын, шыншыл, турашыл ақын деп толықтай айта аламыз. Мақалада Балғынбек Имашевтің сөз саптау ерекшеліктері, өзіндік мақамы туралы айтып өттік. Қазіргі қазақ айтыс өнерінің белгілі өкілі ел қалаулысы тек шындықты айтуымен халық махаббатына бөленді. Өз айтыстарында елімізде болып жатқан соңғы жаңалықтарды, өзгерістерді, құқықбұзушылық пен өз ісіне немқұрайлы қараушыларды әрдайым атап өтті. Айтыс тек ойын-сауық, қағытпа қалжың, әзіл - әңгіме емес, еліміздің айнасы екенін ескеру керек. Ол - өзінің айтысып жүрген отыз жылға жуық уақытында жеңіліп көрмеген шын жүйрік. Оның тағы бір қасиеті кез-келген ақынмен айтыса алады, үлкенмен де, кішімен де сөз жарастырып кете алады, құрдастарымен де, қыздармен де қалжыңы жарасып кетеді. Үлкен аға буын ақындармен айтысып сол кісілер айтқан кез-келген тақырыпты ары қарай талқылап, толғақты мәселелерді тереңінен талдай кетеді. Жастармен де жарыса, заман ағысынан да шет қалмаған ақын. Қазақ айтыс өнерінің танымалдығына Балғынбек Имашевтің сіңірген бір ерекшелігі танымал әндердің, заманауи әндердің мақамына салып айтысуы. Ол көрермен назарын өзіне аударта білетін, шындықты айтатын, турашыл ақын.

### ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Мақала 2023-2025 жылдарға арналған АР19574645 «Қазіргі айтыстың типологиясы мен поэтикасы» атты ҚРҒЖБМ гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырып жатқан жоба аясында жазылған.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Saubayeva M. et all. Social Information Exchange in Aitys Performances // Procedia - Social and Behavioral Science, 2014. Volume 122. p.72-76
- 2 Қасқабасов С.А. Айтыстану: Ғылыми жинақ.- Астана: Жалғас –Print, 2013-420 б.
- 3 Berdibayeva S. et all Psychological Structure of “Aitys” as a Process of Oral Creative Competition in Kazakh Traditional Folklore// World Academy of Science, Engineering and Technology International Journal of Humanities and Social Sciences, 2012. Vol:6, No:5, p.857-859
- 4 Тойшанұлы А. Айтыс: рулық кезеңі, жіктелуі, бүгінгі жай-күйі. Жұлдыз.- №4, 2012. 188б.
- 5 <https://youtu.be/pDHaMG-6bpU?si=hUIpaBVuJVwhBcli>
- 6 [https://youtu.be/pW9aJO8wnPg?si=cjhKR60j\\_zslgxBZ](https://youtu.be/pW9aJO8wnPg?si=cjhKR60j_zslgxBZ)
- 7 Сыздық Р. Ақындар айтысы: бүгінгі мен ертеңі\ Қазақ әдебиеті, 1998. -145 б.
- 8 Қабдолов З. Сөз өнері\ оқулық – монография.- А., Санат. 2002.-496 б.
- 9 Mursalimova N. et all Kazak halkinin aytis sanati// Motif Akademi Halkbilimi Dergisi, 2022, Cilt: 15, Sayı: 38, p. 469-480 <https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/2349022> Mursalimova N.M., Oralbek A.
- 10 Characteristics of the aitys genre among kazakh and turkish people// "Керуен" ғылыми журналы №3, 80-том, 2023. – 25 б.

Материал 03.06.2024 баспаға түсті

### **Тематический характер и художественная специфика современного айтыса (на основе айтысов Балғынбека Имашева)**

Г.Т. Тлеубердина<sup>1</sup>, К.И. Тастемір<sup>1</sup>, Г.Т. Батыргалиева<sup>2</sup>, Г.Ш. Шахманова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова, Кокшетау, 020000. Республика Казахстан

<sup>2</sup>Шортандинская средняя школа №3 по Шортандинскому району, Республика Казахстан



*В статье исследуется творчество известного айтыс акына Балгынбека Имашева, рассматриваются айтысы. Определяются темы, поднимаемые поэтом в айтысе, социальная значимость, общественное значение айтыса.*

*Дифференцируются сходства и различия между прежним айтысом и современным айтысом, поднимается вопрос о продолжении традиции. Речь идет о том, что сегодняшний айтыс сохраняет хорошие тенденции прошлого, развивается и совершенствуется в соответствии с новыми современными тенденциями. Современные представители айтысов отмечают, что слова айтысы возведены в ранг нации, новаторство в ней, культурное значение. Анализируются айтысы поэта Балгынбека Имашева за последние 30 лет, в которых описывается умение правильно использовать художественные выражения, проблемы слогов и рифм, своеобразие и ритм поэта.*

*Статья написана в рамках проекта AP19574645 «Типология и поэтика современного айтыса», который реализуется при грантовом финансировании министерства МОН РК на 2023-2025 годы.*

*Ключевые слова: современный айтыс, поэтика, синкретизм, драматизм, артистизм, фольклор.*

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Saudbayeva M. et all.Social Information Exchange in Aitys Performances // Procedia - Social and Behavioral Science, 2014. Volume 122. p.72-76
- 2 Каскабасов С. А. Айтысоведение:научный сборник.- Астана: Жалгас-Print,2013-420 С.
3. Berdibayeva S.et all Psychological Structure of “Aitys” as a Process of Oral Creative Competition in Kazakh Traditional Folklore// World Academy of Science, Engineering and Technology International Journal of Humanities and Social Sciences, 2012.Vol:6, No:5, p.857-859
- 4 Тойшанович А. Айтыс: племенной период, классификация, состояние сегодня.Звезда.- №4, 2012.188 С.
- 5 <https://youtu.be/pDHaMG-6bpU?si=hUIpaBVuJVwhBcli>
- 6 [https://youtu.be/pW9aJO8wnPg?si=cjhKR60j\\_zslgxBZ](https://youtu.be/pW9aJO8wnPg?si=cjhKR60j_zslgxBZ)
- 7 Сыздык Р. Айтыс акынов: настоящее и будущее\ Казахская литература, 1998.-145 С.
- 8 Кабдолов З. Искусство Слова\ учебник – монография.- А., Категория. 2002.-496 С.
- 9 Mursalimova N. et all Kazak halkinin aytis sanati// Motif Akademi Halkbilimi Dergisi, 2022, Cilt: 15, Sayı: 38, p. 469-480 <https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/2349022>
- 10 Mursalimova N.M., Oralbek A. Characteristics of the aitys genre among kazakh and turkish people// научный журнал " Керуен " №3, том 80, 2023. - 25 с.

Материал поступил в редакцию журнала 03.06.2024

### **The thematic character and artistic specificity of modern aitys (based on aytys by Balgynbek Imashev)**

G.T.Pleuberdina<sup>1</sup>, K. Tastemir<sup>1</sup>, G.T.Batyrgaliev<sup>2</sup>, G.Sh. Shakhmanova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

<sup>2</sup>Shortandin secondary school No. 3 in Shortandin district, Republic of Kazakhstan

*The article examines the work of the famous aitys akyn Balgynbek Imashev, and examines aitys. The themes raised by the poet in aitys, the social significance, and the social significance of aitys are determined.*

*The similarities and differences between the former aitys and the modern aitys are differentiated, and the question of the continuation of the tradition is raised. The point is that today's aitys preserves the good trends of the past, develops and improves in accordance with new modern trends. Modern representatives of the aitys note that the words aitys have been elevated to the rank of a nation, innovation in it, and cultural significance. The aitys of the poet Balgynbek Imashev over*

*the past 30 years are analyzed, which describe the ability to correctly use artistic expressions, problems of syllables and rhymes, the poet's originality and rhythm.*

*The article is written within the framework of the project AP19574645 "typology and poetics of modern aitys", implemented with grant funding from the Ministry of research and development of the Republic of Kazakhstan for 2023-2025.*

*Key words: modern aitys, poetics, syncretism, drama, artistry, folklore.*

## REFERENCES

- 1 Saudbayeva M. et all. Social Information Exchange in Aitys Performances // Procedia - Social and Behavioral Science, 2014. Volume 122.
- 2 Kaskabasov S.A. Aitistanu: Scientific collection. - Astana: Zhalgas – Print.
- 3 Berdibayeva S. et all Psychological Structure of “Aitys” as a Process of Oral Creative Competition in Kazakh Traditional Folklore// World Academy of Science, Engineering and Technology International Journal of Humanities and Social Sciences, 2012. Vol:6, No:5, p.857-859
- 4 Toyshanuly A. Aytys: tribal period, classification, today's condition. Star. - No. 4, 2012.
- 5 <https://youtu.be/pDHaMG-6bpU?si=hUIpaBVuJVwhBcli>
- 6 [https://youtu.be/pW9aJO8wnPg?si=cjhKR60j\\_zslgxBZ](https://youtu.be/pW9aJO8wnPg?si=cjhKR60j_zslgxBZ)
- 7 Linear R. Poet's speech: today and tomorrow\\ Kazakh literature, 1998.
- 8 Kabdolov Z. Art of speech\ textbook - monograph. - A., Category. 2002.
- 9 Mursalimova N. et all Kazak halkinin aytis sanati// Motif Akademi Halkbilimi Dergisi, 2022, Cilt: 15, Sayı: 38, p. 469-480 <https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/2349022>
- 10 Mursalimova N.M., Oralbek A. Characteristics of the aitys genre among kazakh and turkish people//Scientific journal "Keruen " No.3, volume 80, 2023.

Received: 03.06.2024

MFTAP 16.21.33

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss2pp209-221](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss2pp209-221)

**Г.Т. Шаймерден<sup>1</sup>, Н. Темур<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

<sup>2</sup>Гази университеті, Анкара, 06000, Түркия

### **А. ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ҚОЛДАНЫСЫНДАҒЫ СҰРАУЛЫ СӨЙЛЕМДЕР: ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Зерттеу жұмысында қазақтың ұлы ақыны, философ-ойшыл А.Құнанбайұлының қара сөздерінде қолданылатын сұраулы сөйлем құрылымдары мен семантикалық ерекшеліктері қарастырылған. Абай шығармашылығында адам маңызды орын алады. Зерттеу нысанына алынып отырған А.Құнанбайұлы өзінің қара сөздерінде адам мінезінің түрлі жақтарын, жан мен тәнді, махаббат пен гадаләтті, адамгершілік пен надандықты, ақиқат пен зұлымдықты тереңнен толғай отырып, адамның жағымды мінездерін өз оқырманына үлгі қылып көрсетіп, жаман мінездерден жиіркенуіне насихаттайды. Ойшыл-ақын шығармаларында жан мен тәннің арақатынасы, адамның психологиялық даму жолындағы тәрбие мен білімнің атқаратын қызметі, сондай-ақ, бала психологиясы мен қоғамдық психологияның жекелеген мәселелері де (адамның жеке басына жіне жасына байланысты ерекшеліктері, әдеп, үлгі-өнеге, өзін-өзі тәрбиелеу және т.б.) көрініс тапқан.*

*А.Құнанбайұлы философиялық ойларын тұжырымдап, оқырманға жеткізуде сұраулы сөйлем түрлерін жиі қолданған. Зерттеу жұмысының мақсаты – А.Құнанбайұлының қара*